

***ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАН  
ҚОҒАМЫНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ  
ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАСТАР  
САНАСЫНДАҒЫ  
ҚАЛЫПТАСУЫ***



# Жастар

- Қазіргі таңда әлеуметтанушылар «жастар» деген ұғымды жас ерекшеліктер және сонымен байланысты қызмет түрлерінің негізінде пайда болатын топтасқан көпшіліктің жалпылама жиынтығы ретінде айқындайды. Қысқа мағынада, жастар–жас адамдардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері, олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметі, ерекше құндылықтары мен мүдделері негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ.
- Әлемде БҰҰ-ның мәліметі бойынша, 15-пен 24 жас аралығындағы жас азаматтар 1,3 миллиард шамасында. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған. Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 27,4% (4 510 435 адам) құрайды және өте маңызды болып табылады, тіпті оларды қоғамдағы ең шешуші звено деп айтуға болады





# Діни экстремизм

- Әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар көбіне біз үшін жат ықпалды күштердің алдында әлсіздік танытады. Әсіресе жастар діни экстремизм мен терроризм субъектілері тарапынан жасалған идеологиялық шабуылдардың алдында қорғансыз болып келеді.
- Жастар әділдік пен жақсылық үшін күресте барлық іс-әрекетке, соның ішінде шектен шығушылыққа да бой ұрады. Мәселен, «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты», «Жунд әл-Халифат», «Таблиғи жамағат» сынды экстремистік және террористік ұйымдардың негізінен ылғи жастардан құралғаны бізді алаңдатады.



# Исламдық ұйымдар

- «Жунд әл-Халифат» ұйымы тарапынан жасалып жатқан қауіп-қатерлердің алдын алып, радикализмнің әртүрлі көріністеріне ымырасыз жол бермеуге бағытталған біз таңдаған жолдың дұрыстығын әрі уақытылы болғанын айта кеткен жөн.
- «Таблиғи жамағатқа» қатысты айтар болсақ, Бұл пәкістандық миссионерлік қозғалыстың еліміздің тәуелсіздік жылдарында жекелеген отандастарымызды өз қатарына қосқанын айта кету керек. Аталған ұйым идеологтары түрлі айла-шарғыны қолдана отырып, адамдарды өз қатарына шақырады және өз ұстанушыларына діни дүниетаным шеңберінен тыс өмірге назар аударуға мүмкіндік бермейді.

## ИСЛАМДА ЭКСТРЕМИЗМ

MUFTYAT.KZ



## ЭКСТРЕМИЗМДЕ

## ИСЛАМ ЖОҚ

# Жастардың діни білім беру ордалары

- Қазір елімізде Алматы қаласындағы «Нұр» Қазақ-египет ислам университеті, ҚМДБ-ның Имамдардың білімін жетілдіру институты және 9 медресе мұсылмандық білім беруде. Діни оқу орындары сауатты, жан-жақты дамыған имамдар корпусын қалыптастыру бағытындағы қоғам талаптарын қанағаттандыруы және қазіргі заманға сай болуы керек. Олар жасөспірімдер мен жастардың түсінуіне жеңіл, қабылдауына қолайлы «зияткерлік ислам» ретіндегі исламның жаңа имиджін құруға атсалысатын, өз бойына ғылыми және дінтанулық білім жинақтау арқылы тартымдылығы арта түскен тұлғалар болуға тиіс. Әсіресе бұл жерлестерімізді ортағасырлық қараңғылыққа және фундаментализмге тартуға талпынған радикалдық күштер белсенділігі сақталып отырған қазіргі кезең үшін көкейкесті болып отыр.





## *Діни қызметкер және жастар тәрбиесі*

Имамдар, дін қызметкерлері және жалпы дін саласындағы беделді азаматтар жастарды рухани-адамгершіліктік тұрғыдан тәрбиелеуде елеулі рөл атқарады. Алайда қазіргі уақытта діни білім беру жүйесі бүгінгі күннің талаптарына және жастардың рухани сұраныстарына толық сәйкес келеді деп айта алмаймыз. Кейбір имамдардың ой-пікірлерінің тайыздығын, жастарға үлгі болатын мінез-құлықтарының жоқтығын көріп қынжыламыз. Зәру сұрақтарға жауапты діннен іздеген жастар оларды мешіттерден, дін қызметкерлерінен әрдайым таба бермейді. Кейде жастардың мешітке кіргенде діни қауымның кейбір өкілдерінің пайдакүнем, тәкаппар мінездерін көретіні жасырын емес. Сондай сәттерде, әрине, жастар діни экстремизм идеологтарының қолына оңай түсуі мүмкін, мұндай жағдайлар бұған дейін де орын алған.



Қоғам мен мемлекет дамуының бір шарты жастардың осы кез бен болашақтағы өміршендігі болып табылады. Жас ұрпақтың ұстанған бағыты, оның келбеті, дүниетанымы, психикалық және денсаулығы, саналы ғұмыр кешуге деген ынтасынан қоғам мен мемлекеттің тұтас дамуы анықталатындығы белгілі ақиқат.

Бұл жерде діннің рөлі мен миссиясы сөзсіз маңызды, ол өзінің құндылықтық мазмұны, өнегелік нормалар, ұстанымдар мен ұйғарымдарды жинақтаушылығы арқылы бәсекеге қабілетті тұлғаның рухани өсуі мен үйлесімді жетілуіне айтарлықтай үлес қосады.

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету спектрі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.





# Жастардың позициясы





Қазіргі таңда дін қоғамда маңызды орын алады, әсіресе жастар арасында діннің кең таралуы байқалады. Соңғы кезде кең таралған діни ағымдар мен діни ұйымдардың белсенді қызметтерінің нәтижесінде жастардың басым көпшілігі діни ұйымдардың мүшелеріне айналып отыр. Сонымен қатар, жастардың да дінге деген қызығушылығы соңғы кездері артқандығын да айта кету керек. Алайда, жастардың діни ұстанымдары мен діни дүниетаным деңгейлері мен формалары әртүрлі болғандықтан ерекшеліктерін анықтауды талап етеді. Сонымен, қазіргі жастардың көзқарасындағы Дін ең алдымен нені білдіретіндігін анықтау үшін «Сіздің ойыңызша ең алдымен дін дегеніміз не?» деген сауалға жауап берген респонденттердің көрсеткіштері төменгідей орналасты.



# Сауалнама

Қазіргі таңдағы жастардың діни идентификациясы ерекшеліктерін анықтау мақсатында жастар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама Алматы қаласы бойынша жүргізілді, себебі Алматы қаласы - республикалық маңызы бар қала, Қазақстанның студент жастарының көп шоғырланған қаласы болып табылады.

Алматы қаласында 52 жоғарғы оқу орны, 69 колледж бен 11 кәсіби- техникалық лицейлер орналасқан. 14 - жас пен 29 жас аралығындағы жастар саны 390 мың адам және жалпы қала тұрғындарының 30 пайызын құрайды. Студенттер саны 265 мың оның ішінде 187 мың жас ЖОО – да , ал 65 мың жас колледждерде оқиды.

Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 523 респондент. Сауалнама 15-30 жас аралығындағы Қазақстан жастары арасында жүргізілді. Сауалнама екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.

Сауалнама *мақсаты* – қазіргі таңдағы жастардың діни идентификациясы ерекшелігін анықтау.

Қазіргі таңда дін қоғамда маңызды орын алады, әсіресе жастар арасында діннің кең таралуы байқалады. Соңғы кезде кең таралған діни ағымдар мен діни ұйымдардың белсенді қызметтерінің нәтижесінде жастардың басым көпшілігі діни ұйымдардың мүшелеріне айналып отыр. Сонымен қатар, жастардың да дінге деген қызығушылығы соңғы кездері артқандығын да айта кету керек. Алайда, жастардың діни ұстанымдары мен діни дүниетаным деңгейлері мен формалары әр түрлі болғандықтан ерекшеліктерін анықтауды талап етеді. Сонымен, қазіргі жастардың көзқарасындағы Дін ең алдымен нені білдіретіндігін анықтау үшін «Сіздің ойыңызша ең алдымен дін дегеніміз не?» деген сауалға жауап берген респонденттердің көрсеткіштері төменгідей орналасты.

**Диаграмма 1. Жастар дүниетанымындағы Дін**





Диаграмма 1. де көрсетілгендей жауап берген респонденттер санының 42,88% жастар көзқарасы бойынша Дін ең алдымен рухани тазару мен құлшыныстың қайнар көзі болып табылады. Қазіргі жастардың дінді бұлай қабылдауы жастардың ішкі дүние тұрғысынан, ішкі ізденіс пен ішкі қолдауды қажет ететіндіктен, дінді ең алдымен ішкі тірек деп қабылдауымен түсіндіруге болады. Сонымен бірге, жастардың бір бөлігі (17,31%) дінді ұлттық дәстүр деп түсінсе, жауап бергендердің келесі бөлігі ең (36,35%) ең алдымен дін әлемдік тарих пен мәдениеттің бір бөлігі деп есептейді. 3,46% жастар дінді тек қана ритуалдар мен салттардың жиынтығы деп қарастырады. Бұл сауалдың жауаптарына талдау жасай отырып, қазіргі жастар рухани құндылықтар мен діни сенімге көңіл бөле отырып, дінді ең алдымен ішкі дүниенің қажеттілігіне жауап беретін, рухани қауісіздік кепілі ретінде қабылдайтындығы анықталды.



Қазіргі қоғамдағы жастардың басым көпшілігі дінге деген қызығушылықтарының арта түскендігін ескеретін болсақ, жастардың дінге деген қатыстылығының ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туындайды. Жастар дінді ұстана отырып, діни дүниетанымдағы діннің алатын орны, деңгейін анықтау мақсатында сұрақ қойылып, жастардың дінге қатыстылығын сипаттайтын бірнеше анықтамалар келтірілді. *Диаграмма 2.*

**Диаграмма 2. Жастардың дінге қатыстылығы**



Бұл сұрақтың көрсеткіштерін қарастыра отырып, келесі тұжырымдарға келдік.


- Респондент жастардың басым бөлігі (41%) өздерінің дінге деген қатыстылығын «Мен дінге сенемін және дәстүр бойынша діни салттарды ұстанамын» деп сипаттады. Бұл көрсеткіш қазіргі таңда жастар арасындағы дінге деген қызығушылықтары мен дінді ұстануы арта түскендігі дәлелденді.
- Жастардың келесі бөлігі (44%) дінге сенгенімен, діни өмірге қатыспайтындығын айтты. Бұл көрсеткіштен сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі өздерін белгілі бір дінге қатыстылығын білдіргенімен, діни өмірде белсенділік танытпайтындығын ескерді.

БАҚ түрлі саладағы өзекті ақпараттарды тарата отырып, қоғамдық санаға, жалпы қоғам мен жекелеген адамдардың мінез-құлқына әсер етеді. Интернет жүйесінің қазіргі жастар арасында әлеуметтік желілер арқылы түрлі интернет қауымдарға тартып отырады. Діни веб-сайттар да қарқынды әрі интенсивті қызмет етуде. Міне осы тұрғыдан БАҚ жастардың діни дүниетанымына ықпал етуші факторлардың бірі деп қарастыруды жөн көрдік.

- *Жеке тәжірибе, өз бақылауы.* Әрине, әр адам жеке тұлға болғандықтан өзіндік пікір, өзіндік көзқарас, өзіндік дүниетаным, мінез-құлық, өзінді санаға ие субъект болып табылады. Әр адам жеке тұлға ретінде сыртқы ортаны өздігінше қабылдап, өздігінше іштей қорытып, жауап қайтарады. Сондықтан әр адамның жеке тәжірибесі мен бақылауы діни дүниетанымының қалыптасуында елеулі орын алады және дамуына ықпал етуші фактор болады.

- *Өміріндегі қайғылы оқиға.* Адам баласы қалыпты өмір барысында кезедйсоқ қайғылы оқиғамен кездесіп жатса, оқиғаның әсерінен өмірге деген көзқарастың өзгеруіне әкеліп соғады. Кей жағдайларда қайғылы оқиға әсерінен адамның дінге деген ойы да өзгереді, тіптен діни ұстанымы да түбегейлі өзгертетін жағдайлар да кездесіп жатады. Мысалы, әдетте дінге сенбейтін адамдар бір өлім аузынан қалған соң, құдіретті күштің барына сеніп, құдайға құлшылық ете бастайды. Осы себептен, өмірдегі қайғылы оқиғаны діни дүниетанымның қалыптасуына ықпал етуші фактор деп қарастырдық.

Жоғарыда келтірілген факторларды негізге ала отырып сауалнаманың келесі сұрағын дайындадық. Жауап берген респонденттердің жауаптары түрлі көрсеткіштерге сай орналасты. Көрсеткіштер төмендегі *Диаграмма 3*-те көрсетілген.



## Жастардың ислам дініне келуінің алғашқы буыны

Қазақстанда діни процестердің қайта жандануы діни топтардың қызметіне ғана емес, көпшілік арасында көрініс тапқан қала мәдениетіне де әсер етті. Ислам нышандары (мешіттер, мұсылман киім үлгілері мен тамақтандыру және т.б.) біртіндеп қала өміріне ене бастады. Осындай ислам мәдениетінің Қазақстанға енген айрықша және жаңа нышандардың бірі, ол - хиджаб. 1990-шы жылдардың аяғында еліміздің көптеген қалаларында мұсылманша бас орамал тартқан қыздар кездесе бастайды. Қазіргі заманғы қаладағы мұсылман әйелдің жолы ең алдымен, урбандалған ортада өмір сүру шарттарына, тарих беттеріндегі 70-жыл бойы мемлекеттің діннен бас тартып, исламды «ұлттандыруына» байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.





*Назарларыңыз  
ға  
рахмет!*

